

**"Бизнестің жол картасы-2020" бағдарламасын іске асыру аясында жастарды әлеуметтік қорғау бойынша қосымша шаралар туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 24 желтоқсандағы N 554 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Риддер қалалық әділет басқармасында 2011 жылғы 28 қаңтарда N 5-4-144 тіркелді. Күші жойылды - Риддер қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 28 желтоқсандағы N 1352 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Риддер қаласы әкімдігінің 2011.12.28 N 1352 қаулысымен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағының 13), 14) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 5, 7 баптарына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі № 581 «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңының 5, 8 баптарына сәйкес, Риддер қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасын іске асыру аясында (әрі қарай -Қатысушылар) техникалық және кәсіптік, жоғары білім алған түлектер санынан жұмыссыз жастарды жұмысқа орналастыру жолымен жастарды жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау бойынша шаралар қабылдансын.

2. Жұмысқа орналастыру төмендегі критерийлер бойынша жүзеге асырылсын :

1) «Риддер қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде (әрі қарай – Бөлім) жұмыссыз ретінде тіркелген қатысушыларды жұмысқа жіберу;

2) қатысушыларды іріктеу кезеңінде оларға қолайлы жұмыстың болмауы;

3) түлектің жасы 24 жасқа дейін;

4) жұмыс мерзімі 6 айға дейін.

3. Жұмысқа орналастыру кәсіпкерлік субъектілерінде (әрі қарай – Жұмыс берушілер) Жұмыс беруші мен Бөлім арасындағы шарттың негізінде ұйымдастырылады және өткізіледі.

Шартта тараптардың міндеттері, жұмыстың түрі мен көлемі және жұмысты төлеудің шарттары, қаржыландыру көздері және уақыты көрсетілуі міндетті.

4. Еңбек шарттары, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес, Жұмыс беруші мен Қатысушының арасында жасалған еңбек шартымен анықталады.

5. Қаулыда көрсетілмеген басқа да шарттар Жұмыс беруші мен Қатысушылардың арасында жасалған еңбек шартында көрсетіледі.

6. Қатысушылардың еңбегін төлеу республикалық бюджеттен 26 000 (жиырма алты мың) теңге мөлшерінде қаржыны олардың дербес шотына аудару жолымен жүзеге асырылады.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары С.В. К а н а м а н о в қ а жүктелсін.

8. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2011 жылдың 01 қаңтарынан бастап пайда болған қатынастарға тарайды.

*Риддер қаласының әкімі*

*Д.Ю. Кавригин*